

2010 жылға арналған жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы N 30 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 наурызда N 12-4-80 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 309 қаулысы)

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010.12.31 N 309 қаулысы).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, Ақтоғай ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 31 желтоқсанда N 12-4-74 тіркелген, Ақтоғай аудандық Мәслихатының (IV шақырылым, XIX сессия) 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 103/19 "2010 - 2012 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы" шешімін іске асыру және жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Ақтоғай ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 21 қаңтарда N 12-4-75 тіркелген, Ақтоғай аудандық Мәслихатының (IV шақырылым, XIX сессия) 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 105/19 "2010 жылы жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешімінің 1-тармағында бекітілген 2010 жылға арналған жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек мөлшері мен құжаттар тізбесі белгіленсін:

1) 1-тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, бас бостандығынан айыру орындарынан

босау туралы анықтамасының көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шотының көшірмесі;

2) 1-тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, Павлодар облысы онкологиялық диспансерінің анықтамасы, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

3) 1-тармақтың 3-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін – аудан әкімінің атына өтініш, ауылдық округ әкімінің қолдау хаты, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, отбасы мүшелерінің табыстары туралы анықтама, қосалқы үй шаруашылығы туралы анықтама;

4) 1-тармақтың 4-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, отбасы мүшелерінің табыстары туралы анықтама, қосалқы үй шаруашылығы туралы анықтама;

5) 1-тармақтың 5-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, Чернобыль атом электростанциясы апатының зардабын жоюға қатысушының немесе Ауған соғысына қатысушы куәлігінің көшірмесі;

6) 1-тармақтың 6-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Ақтоғай ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің, "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің аталған санаттағы тұлғалар

тізімдері, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, бір ата-ананың, қорғаншы немесе қамқоршысының азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы;

7) 1-тармақтың 7, 8-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, білім беру қызметін көрсетуге арналған үш тарапты келісім-шарттың көшірмесі, интерн бойынша оқуға арналған келісім-шарттың көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу туралы кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, отбасы мүшелерінің кірістері туралы анықтама, үй шаруашылығы т у р а л ы а н ы қ т а м а ;

8) 1-тармақтың 9-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, ауылдық округ әкімінен көрсетілген санаттағы тұлғалар тізімі, Соғыс және еңбек ардагерлер кеңесінің қолдаухаты, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу туралы кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шотының көшірмесі;

тұрғын жайды күрделі жөндеуге, электржылыту жүйесін орнатуға қосымша-тұрғын - үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, ақау акті, смета, б а л а м а л ы с м е т а ;

9) 1-тармақтың 10-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнет ақы төлеу мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімінің көрсетілген санаттағы тұлғалар тізімі, аудандық Соғыс және еңбек ардагерлері кеңесімен келістірілген ауылдық округ әкімдерінен аталған санаттағы тұлғалар тізімі. Тізімдерде толық тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, тұрғылықты мекен жайы, жеке есептік шоты көрсетілген;

10) 1-тармақтың 11-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, мәртебесін анықтау туралы куәлігінің көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу

кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шотының көшірмесі ;

11) 1-тармақтың 12-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Ақтоғай ауданының туберкулезге қарсы аурухананың" анықтамасы, студенттерге аурудың анықталу жерінен туберкулезге қарсы аурухананың анықтамасының түпнұсқасы, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шотының көшірмесі, бір ата-ананың құжаттар көшірмесі, туу туралы куәлік;

12) 1-тармақтың 13-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, үш тарапты келісім шарттың көшірмесі, соңғы курста оқығанын растайтын туралы оқу орнынан анықтама, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

13) 1-тармақтың 14-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, баланың мүгедектігін анықтайтын медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, бір ата-ананың жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

14) 1-тармақтың 15-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, қайтыс болғанын растайтын куәлік, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, қайтыс болғанның жерлеу рәсімін өткізген тұлғаның жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

15) 1-тармақтың 16-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, баланың мүгедектігін анықтайтын медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе

мекенжай анықтамасы, бір ата-ананың жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

16) 1-тармақтың 17-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, еңбек келісім-шартының көшірмесі, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі, оқу орнын оқып бітіргені туралы дипломының көшірмесі, оқу орыны жолдамасының көшірмесі;

17) 1-тармақтың 18-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін – аудан әкімінің атына өтініш, өртке қарсы қызметтің қорытындысының (анықтаманың) көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

18) 1-тармақтың 19-тармақшасының 1 абзацында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, ауылдық округ әкімінің қолдаухаты, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, малдың бары (жоғы) туралы ауылдық округ ветеринарының анықтамасы, сатып алынатын малдың төлқұжаты, малды сатып алу туралы ниет-шарты, малды сатып алу туралы
б а л а м а л ы н и е т - ш а р т ы ;

1-тармақтың 19-тармақшасының 2 абзацында көрсетілген санаттағылар үшін - аудан әкімінің атына өтініш, тұрғын үй тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі, ауылдық округ әкімінің қолдаухаты, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, отбасы мүшелерінің табыстары туралы анықтама, малдың бары (жоқтығы) туралы ауылдық округ ветеринарының анықтамасы, сатып алынатын малдың төлқұжаты, малды сатып алу туралы ниет-шарты, малды сатып алу туралы баламалы ниет-шарты;

19) 1-тармақтың 20-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнет ақы төлеу мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімінің аталған санаттағы тұлғалар тізімі, тізімдерде толық

тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, тұрғылықты мекен жайы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

20) 1-тармақтың 21-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жолдамасының көшірмесі, оқушының үлгерім табелі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

21) 1-тармақтың 22-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, мүгедектігін анықтайтын медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалардың бір ата-ананың құжаттар көшірмелері, туу туралы куәлік;

22) 1-тармақтың 23-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Ақтоғай ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің аталған санаттағы тұлғалар тізімі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, қорғаншы немесе қамқоршының жеке есептік шот н ө м і р і н і ң к ө ш і р м е с і ;

23) 1-тармақтың 24-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, "Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнет ақы төлеу мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімінің аталған санаттағы тұлғалар тізімі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шотының көшірмесі, кәмелетке толмаған балалар үшін қорғаншы немесе қамқоршының құжаттар көшірмесі;

24) 1-тармақтың 25-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, ауылдық округ әкімінен

жалғызілікті зейнеткерлер тізімі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

25) 1-тармақтың 26-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, 12 аптаға дейін жүктілігі бойынша есепке тұрғаны жөнінде медициналық анықтама, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі;

26) 1-тармақтың 27-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, науқастың "Ақтоғай аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында тіркеуде тұрғаны туралы анықтама, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, қант диабетімен ауырған балалардың жеке есептік шот нөмірінің көшірмесі, бір ата-ананың құжат көшірмелері және баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

27) 1-тармақтың 28-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының атына өтініш, баланың жасанды тамақтандыруда болатыны жөнінде растайтын медициналық мекеме анықтама, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, жеке бас куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке әлеуметтік кодының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, бір ата-ананың жеке шот нөмірінің көшірмесі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010.07.29 N 160 қаулысымен.

2. Әлеуметтік төлемдер жекелеген санаттағы азаматтарға келесі мөлшерде тағайындалады:

1) 1-тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

2) 1-тармақтың-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 6 айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

3) 1-тармақтың 3-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссиясының шешімі бойынша 10 айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

4) 1-тармақтың 4-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссияның шешімі бойынша 1 тонна көмір белгіленген баға бойынша біржолғы материалдық көмек;

5) 1-тармақтың 5-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін тоқсан сайын сауықтыру үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ай сайын коммуналдық қызмет көрсетуді өтеу үшін 1,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде материалдық көмек, Ұлы Отан соғысында Жеңістің 65 жылдығына орай 10000 теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

6) 1-тармақтың 6-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

7) 1-тармақтың 7-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін үш тарапты келісім шарт негізінде ай сайынғы материалдық көмек;

8) 1-тармақтың 8-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін өмір сүруге, тамақтандыруға, мекен жайына барып келуі төлемдері бойынша 7000 теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек;

9) тармақтың 9-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін: дәрі сатып алу үшін 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек;

Жеңіс күніне орай 65 мың теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

Астана қаласында шеру қатысушысына арналған костюмді сатып алу үшін 150 мың теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

баспасөз басылымына жазылу жөнінде нақтылы бағасы бойынша біржолғы материалдық көмек;

жол жүру билетінің барына қарамастан тұрғылықты орнынан облыстық орталыққа бару және кейін қайтуға тасымалдаушының анықтамасы негізінде жол ақысын төлеу үшін әр тоқсан сайынғы материалдық көмек;

республикалық госпитальдерге жол жүру құжаттар негізінде жол ақысын төлеу бойынша біржолғы материалдық көмек;

коммуналдық қызмет ақысын төлеу үшін сәуірден қазанға дейін 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, қазаннан сәуірге дейін 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

тұрғын үйдің ағымдағы жөндеуі бойынша 10 мың теңге мөлшерінде материалдық көмек;

тіс салғыздыру үшін 15 мың теңге мөлшерінде материалдық көмек; белгіленген баға бойынша электр жылуын орналастыру үшін материалдық көмек;

тұрғын үйдің күрделі жөндеуі үшін халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына

элеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссияның шешімі бойынша смета негізінде, 200 айлық есептік көрсеткіштен артық емес көмек;

10) 1-тармақтың 10-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін Жеңіс күніне арналған біржолғы материалдық көмек қайта некеге тұрмаған Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне, тылда Ұлы Отан соғысы кезінде адал еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін КСРО медальдарымен және ордендерімен марапатталған тұлғаларға, бейбіт уақытта қайтыс болған Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне, концентрациялық және гетто лагерлерінің тұтқандарына, Чернобыль атом электростанциясы апатының зардабын жоюға қатысушыларға және Ауған соғысына қатысушыларға бөлінген сомасы шамасында;

тылда Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941 жылдың 22 маусымнан 1945 жылдың 9 мамырына дейін 6 айдан кем емес жұмыс істеген тұлғалар және Ұлы Отан соғысы кезінде адал еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін КСРО медальдарымен және ордендерімен марапатталмаған тұлғаларға бөлінген сомасында ;

концентрациялық және гетто лагерлерінің тұтқандарына коммуналдық қызмет ақысын төлеу үшін ай сайынғы 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек ;

11) 1-тармақтың 11-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін Қарттар күніне арналған 10 мың теңге және сауықтандыру үшін 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

12) 1-тармақтың 12-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін жақсы тамақтандыру үшін үш айға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, облыс бойынша емденуіне байланысты жол ақысын төлеу үшін 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек ;

13) 1-тармақтың 13-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін оқыту бойынша үш тарапты келісім шарт негізінде материалдық көмек;

14) 1-тармақтың 14-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін облыстық оңалту орталығына жіберу үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын материалдық көмек ;

15) 1-тармақтың 15-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

16) 1-тармақтың 16-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

17) 1-тармақтың 17-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 100 мың теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек, медициналық

қызметкерлер, жоғарғы оқу орнын бітіруші түлектерге - 250 000 теңге мөлшерінде, отбасылыларға егер отбасында екі дәрігер болса - 500 мың теңге мөлшерінде материалдық көмек;

18) 1-тармақтың 18-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссиясының шешімі бойынша 100 айлық есептік көрсеткіштен артық емес біржолғы материалдық көмек көрсетіледі;

19) 1-тармақтың 19-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін Халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі аудандық комиссиясының шешімі бойынша 70 айлық есептік көрсеткіштен артық емес біржолғы материалдық көмек;

20) 1-тармақтың 20-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін тоқсан сайын 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

21) 1-тармақтың 21-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін ай сайын 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

22) 1-тармақтың 22-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

23) 1-тармақтың 23-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

24) 1-тармақтың 24-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

25) 1-тармақтың 25-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін тоқсан сайын 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек;

26) 1-тармақтың 26-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

27) 1-тармақтың 27-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

28) 1-тармақтың 28-тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін тоқсан сайын 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010.07.29 N 160 қаулысымен.

3. "Жергілікті өкілетті орындардың шешімі бойынша жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек" 007 бағдарлама бойынша "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бюджеттік қаражаттандыру шамасында уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Төлемақылар "Қазпочта", "Халық банкі" акционерлік қоғамы филиалдары арқылы өтініш берушілердің жеке есеп шоттарына ақша қаражаттарын аудару ж о л ы м е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

5. Әлеуметтік төлемдерді төлеу мәселелерін шешетін алғашқы құжаттар (

хаттама, тексеру актілері, анықтамалар, тізімдер және тағы басқалары) "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде 3 жыл сақталады.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

А у д а н ә к і м і н і ң
міндетін атқарушысы *Б. Ысқақова*